

"Жұмыспен қамту 2020" жол картасын іске асыру шеңберінде техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға 2012-2013 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 04 мамырдағы № 82 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 08 маусымда № 2132 тіркелді

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 22.04.2015 № 116 қаулысымен(жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына, "Жұмыспен қамту 2020" жол картасын бекіту туралы" 2015 жылғы 31 наурыздағы № 162 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 22.04.2015 № 116 қаулысымен(жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жұмыспен қамту 2020" жол картасын іске асыру шеңберінде техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға 2012-2013 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 22.04.2015 № 116 қаулысымен(жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Маңғыстау облысының қаржы басқармасы (М.Б. Әлібекова) кадрлар даярлауға көзделген қаржыландыру жоспары шегінде бағдарламаның әкімшісі – Маңғыстау облысының білім басқармасын қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Маңғыстау облысының білім басқармасы "Жұмыспен қамту 2020" жол картасын іске асыру шеңберінде техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға 2012 -2013 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 3 тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 22.04.2015 № 116 қаулысымен(жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Осы қаулының орындалауын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ.Б. Жұмашевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Мұхаметжанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Маңғыстау облысы білім

басқармасының бастығы

Д.Н. Жұмашева

04 мамыр 2012 жыл

Маңғыстау облысы

жұмыспен қамтуды үйлестіру

және әлеуметтік бағдарламалар

басқармасының бастығы

Г.М. Қалмұратова

04 мамыр 2012 жыл

Маңғыстау облысы

кәсіпкерлік және өнеркәсіп

басқармасының бастығы

Л.О. Олжабаева

04 мамыр 2012 жыл

Маңғыстау облысы қаржы

басқармасының бастығы

М.Б. Әлібекова

04 мамыр 2012 жыл

Маңғыстау облысы экономика

және бюджеттік жоспарлау

басқармасының бастығы

Ш.Л. Ілмұханбетова

04 мамыр 2012 жыл

Маңғыстау облысы әкімдігінің

04 мамыр 2012 жылғы

№ 82 қаулысымен

бекітілген

"Жұмыспен қамту 2020" жол картасын іске асыру шеңберінде техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға 2012-2013 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 22.04.2015 № 116 қаулысымен(жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Кәсіп пен мамандықтың коды мен атауы	Оқушылар саны	Базалық білімі	Оқыту тілі	Оқу мерзімі
1. "Бейнеу гуманитарлық-экономикалық колледжі" МКҚК					
	0105000 Бастауыш білім беру:				
	010501 3 Бастауыш білім беру мұғалімі	25	1 1 сынып	қазақ-ша	2 ж. 10 ай
	Жиыны:	25			
2. "Маңғыстау политехникалық колледжі" МКҚК					
	1114000 Пісіру ісі (түрлері бойынша):				
	111406 3 Техник-механик	25	1 1 сынып	қазақ-ша	2 ж. 6 ай
	Жиыны:	25			
3. "Каспий" педагогика және салалық технологиялар колледжі" ЖШС					
	010100 0 Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу:				
	010101 3 Мектепке дейінгі ұжымдардың тәрбиешісі	25	1 1 сынып	қазақ-ша	2 ж. 10 ай
	Жиыны:	25			
4. "Қазақстандық қазіргі заман "Болашақ" академиясының колледжі" мекемесі					
	1107000 Көтергіш көлік, құрылыс жол машиналары мен жабдықтарын техникалық пайдалану (салалар бойынша):	25	1 1 сынып	қазақ-ша	2 ж. 6 ай
	110704 3 Техник-механик				
	Жиыны:	25			
5. "М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Ақтау көлік колледжі" ЖШС					
	1202000 Жолаушылар мен жүкті тасымалдауды ұйымдастыру (салалар бойынша):	25	1 1 сынып	қазақ-ша	2 ж. 10 ай
	120206 3 Техник				
	Жиыны:	25			
6. "Меирбике" медициналық колледжі" мекемесі					
	0302000 Медбикелік іс:				
	030203 3 Жалпы практикадағы медбикесі	25	1 1 сынып	қазақ-ша	2 ж. 10 ай
	Жиыны:	25			
	Облыс бойынша:	150			

Ескертпелер: аббревиатуралардың толық жазылуы:

МКҚК - Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын

ЖШС - Жауапкершілігі шектеулі серіктестік

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК